ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ

«Атырау көлік және коммуникация колледжі» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Атырау 2023 жыл.

Рет. №	Мазмұны	беттер
1.	Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	5-7
2.	Кадрлық құрамға талдау	8-13
3.	Білім алушылар контингенті	14-16
4.	Оқу – әдістемелік жұмыс	17-31
5.	Оқу материалдық активтер	32
6.	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	33-34
7.	Білім алушылардың білімдерін бағалау	35-44
8.	Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы	45
9.	SWOT-ТАЛДАУ	46
10.	Қорытынды	47-49

Білім беру ұйымында өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 14 – қосымшасы және ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 5 - қосымшасы негізінде өткізілді.

«Атырау көлік және коммуникация колледжі» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
өзін-өзі бағалау туралы тұжырымдамасы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» *(бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары)* негізінде, 2022 жылғы 26 желтоқсан мен 2023 жылғы 13 қаңтар күндері аралығында «Атырау көлік және коммуникация колледжі» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Колледж) өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау жұмыстарын колледж директорының 2022 жылғы 26 желтоқсан айындағы № 233-ж бұйрығымен бекітілген келесі құрамында комиссия (бұдан әрі – комиссия) өткізді:

1. Ниталиев Ж – колледж директоры, комиссия төрағасы;

2. Хазтуғанова Ж – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;

3. Досниязов А – өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

4. Серікұлы О – директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

5. Ирбатырова З – бөлімше меңгерушісі, комиссия мүшесі;

6. Жумағалиева А – колледж әдіскері, комиссия мүшесі;

7. Капсалихова Н – кадр бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі;

8. Ержанов Қ – директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

9. Шандыбаев С – директордың ОӘЖ орынбасары, комиссия мүшесі;

10. Құсайнова Н – директордың тәрбие ісі жөніндегі орнынбасары, комиссия мүшесі;

11. Омарова Р – кадр инспекторы, комиссия мүшесі;

Комиссия мүшелері барлық бағалау өлшемшарттарына сәйкес 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша колледж құжаттарына, оның ішінде білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне, қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1) білім беру ұйымының толық атауы: «Атырау көлік және коммуникация колледжі» КМҚК

2) білім беру ұйымының орналасқан жері: Атырау облысы, Атырау қаласы, Л. Владимирсий көшесі 26;

3) заңды тұлғаның байланыс деректері: 8 (7122) 21-46-83, pl75a@mail.ru www.transport-kollege.edu.kz;

4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: директор Ниталиев Жанбек Қорғанбайевич *(лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі қосымша папкада тіркелді, бұйрық №13, 02.03.2018 жыл)*;

5) құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (*заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса берілді қосымша папка ретінде тіркелді*);

6) рұқсат беру құжаттары: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті № KZ41LAA00003052 білім беру қызмтімен айналысуға 20.09.2014 берілген лицензия және лицензияға қосымшалар негізінде білім беру қызметімен айналысады. *(білім беру қызметіне лицензия және оған қосымшалары папка ретінде тіркелді)*

Колледж 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары аралығында білім беру қызметін 4 мамандық, 7 біліктілік бойынша жүргізілді:

Кесте 1.1 Оқытылатын мамандықтар туралы мәлімет

№	2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы бойынша				21.07.2021 № 354 бұйрығына сәйкес мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы			
	Мамандық коды	Мамандық атауы	Біліктілік коды	Біліктілік атауы	Мамандық коды	Мамандық атауы	Біліктілік коды	Біліктілік атауы
1.	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1201072	Автокөлікті жөндеу слесарі	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайлану	3W07161301	Автокөлікті жөндеу слесары
2.	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1201062	Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайлану	3W07161302	Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик
3.	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1201062	Электр-механик				
4.	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1201123	Техник-механик	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайлану	4S07161304	Техник-механик

5.	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1201082	Автокөліктердің шанағын қалпына келтіруші шебер	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайлану	3W07161303	Автомобиль жөндеу шебері
6.	1306000	Байланыс радиотехникасы	1203062	Телефон байланысы электромонтері	3W07140901 (Қосымша қайтаруға арыз жазылды)	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	3W07140901	Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші
7.	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	1114042 -	Газбенэлектрдәнекерлеуші	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07161302	Газбенэлектрдәнекерлеуші
8.	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	1114063	Техник – механик	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	4S07150502	Техник – механик
9.	1402000	Жол құрылыс машиналарын техникалық пайдалану			07320700	Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	3W07320702	Жол құрылыс машиналарының машинисі

2. Кадрлық құрамға талдау

Жұмыс шарттары мен жұмыспен қамтылуы көрсетілген жеке еңбек шарттары мен келісім- шарттар жасасқан;қызметкерлер мен педагогикалық құрамның жалпы саны - 97; оның ішінде оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің орташа жасы - 42 ;

Колледждің штаттық кестесіне сәйкес өзін-өзі аттестаттау кезеңінде барлығы - 42 оқытушы, оның ішінде өндірістік оқыту шеберлері – 6 штатта жұмыс жасайды. Жұмысқа қабылданған қызметкерлер мен колледж әкімшілігі еңбек шартын жасаған.

Әкімшіліктің сапалық құрамы 2022 – 2023 оқу жылы

Әкімшілік қызметкерлер-9

Жоғары санат -1, I-санат- 3, II-санат- 4,санатсыз – 1.

Колледж бойынша барлық пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жоғары, арнайы орта білімдері бар және біліктіліктері беретін пәндеріне сәйкес келеді.

Оқытушылардың сапалық құрамы 2022 – 2023 оқу жылы

Барлығы -25

Жоғары санат -3

I-санат- 5

II-санат- 11

санатсыз – 13

Өндірістік оқыту шеберлерінің сапалық құрамы

Өндірістік оқыту шеберлері -8

Жоғары санат -1

I-санат-0

II-санат- 2

Санатсыз -5

2022-2023 оқу жылынан бастап жалпы қызметкерлердің саны 97 бірлікті құрайды. Барлық оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің саны – 42, бұған қоса 2 оқытушы қосымша жұмыс істейді.

№	Көрсеткіштер	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
1	Штаттағы оқытушылар үлесі	9+36=45 (100%)	10+28=38 (100%)	9+33 = 42 (100%)
2	Жоғары білімі бар	40 (89%)	33 (87%)	37 (88%)
3	Оқытушылар үлесі (санаттар) Жоғары Бірінші Екінші	 6+1 13+1 12+5	 4+1 10+1 9+1	 4+1 5+3 4+3
4	Жоғары және бірінші санатты оқытушылар үлесі	21-47 %	16-42%	13-31%

Соңғы үш жыл ішіндегі педагогикалық кадрлардың тұрақтылығының нәтижесі

№	Көрсеткіш	2020 жыл	2021жыл	2022 жыл	2023 жыл
1					
2	Әкімшілік тарапынан	-	-	-	-
3	өз қалауымен	1	2	3	-

Оқытушылардың санаты туралы мәлімет

Оқу жылы	Жоғары санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	Санаты жоқтар
2020-2021	(7-16%)	(14-31 %)	(17- 38%)	(8-18%)
2021-2022	(5-13%)	(11-29 %)	(10-26 %)	(8-21%)
2022-2023	(5- 12 %)	(8-19%)	(7 -17%)	(18-43 %)

Педагогикалық құрамның штаттық саны;

Колледжде **2020-2021** оқу жылындағы инженер-педагог қызметкерлер саны 45 құраған. Оның ішінде штат бойынша 100 %) оқытушы.

Оқытушылардың орташа жасы –41 жас.

Толық және одан жоғары педагогикалық жүктемеде жұмыс істейтін педагогикалық құрамның саны – 45 оқытушы;

Жоғары санаттағы оқытушылар–7, бірінші санатта–14 оқытушы, оқытушылардың сапалық құрамы – 46%;

Колледжде **2021-2022** оқу жылында педагог қызметкерлер саны 38 оқытушыны құраған. Оның ішінде штат бойынша 38 (100%) оқытушы.

Оқытушылардың орташа жасы – 39 жас.

Толық және одан жоғары педагогикалық жүктемеде жұмыс істейтін педагогикалық құрамның саны – 38 оқытушы; қосалқы штатта қызмет ететін – 4 оқытушы құраған.

Жоғары санаттағы оқытушылар–5, бірінші санатта–11 оқытушы, оқытушылардың сапалық құрамы – 42%;

Колледжде **2022-2023** оқу жылында педагог қызметкерлер саны 42 оқытушыны құраған. Оның ішінде штат бойынша 42 (100 %) оқытушы.

Оқытушылардың орташа жасы 42 жас.

Толық және одан жоғары педагогикалық жүктемеде жұмыс істейтін педагогикалық құрамның саны – 42 оқытушы; қосалқы штатта қызмет ететін– 2 оқытушыны құраған.

Жоғары санаттағы оқытушылар–5, бірінші санатта 8 оқытушы, оқытушылардың сапалық құрамы– 31%;

Білімі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылы	**Педагогтар саны**	**Жоғары**	**Арнаулы орта**
2020-2021	45	(89%)	(11%)
2021-2022	38	(87%)	(13 %)
2022-2023	42	(88%)	(12%)

Категория бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылы	Педагогтар саны	Жоғары санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	Санаты жоқ
2020-2021	45	7	14	17	7
2021-2022	38	5	12	13	8
2022-2023	42	5	9	10	18

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылы	**Педагогтар саны**	30 жасқа дейін	30-дан 45жасқа дейін	45-тен 60 жасқа дейін
2020-2021	45	(16 %)	(45 %)	(37 %)
2021-2022	38	(15 %)	(47 %)	(37 %)
2022-2023	42	(32%)	(34 %)	(41 %)

Пайыздық қатынастағы және орташа жастағы штаттағы педагог құрамының үлесі;

Оқытушылардың жас құрамы бойынша көрсеткіші:

Педагогикалық жұмысшылардың орташа жасы

Оқу жылы	35-45 жас	Орташа жастың пайыздық мөлшері
2020-2021	**14**	**31 %**
2021-2022	**17**	**45%**
2022-2023	**24**	**76 %**

Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны;

2020-2021 оқу жылы – мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны –_(91 %).

2021-2022 оқу жылы - мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны – (91 %).

2022-2023 оқу жылы- мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны – (90 %).

Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылардың үлесі

Оқу жылдары	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
2020-2021	45	(91 %)	(9%)
2021-2022	38	(91%)	(9%)
2022-2023	42	(90 %)	(10%)

Құрметті атағы бар мұғалімдер: 2020-2021 оқу жылы

ҚР Білім беру ісінің үздігі –2

Ы.Алтынсарин төсбелгісі– 1

ҚР Білім министрлігінің грамотасы –3

Облыстық білім басқармасының грамотасы – 9

Педогогика ғылымдарының магистрі – 4

Педогогика ғылымдарының доценті – 1

Құрметті атағы бар мұғалімдер: 2021-2022 оқу жылы

ҚР Білім беру ісінің үздігі –2

Ы.Алтынсарин төсбелгісі– 1

ҚР Білім министрлігінің грамотасы –3

Облыстық білім басқармасының грамотасы – 13

Педогогика ғылымдарының магистрі – 4

Педогогика ғылымдарының доценті – 1

Педагог – зерттеуші -1

Педагог – сарапшы - 0

Педагог-модератор – 1

Құрметті атағы бар мұғалімдер: 2022-2023 оқу жылы

ҚР Білім беру ісінің үздігі –2

Ы.Алтынсарин төсбелгісі– 1

ҚР Білім министрлігінің грамотасы –6

Облыстық білім басқармасының грамотасы – 17

Педогогика ғылымдарының магистрі – 5

Педогогика ғылымдарының доценті – 1

Педагог – зерттеуші -0

Педагог – сарапшы - 0

Педагог-модератор – 1

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

Атырау көлік және коммуникация колледжінің 2020-2021 оқу жылында 529 студент білім алса, 2021-2022 оқу жылында 514 студент, 2022-2023 оқу жылында 539 студент білім алуда. Осы жылдар ішінде және қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті болмады. Егерде болған жағдайда колледж ғимаратында пандустар және қажетті құрал саймандармен қарастырылған.

Атырау көлік және коммуникация колледжі Атырау облысындағы ірі және шағын кәсіп орындарымен тығыз қарым қатынас жасау арқасында, оқытудың толық кезеңін қамтитын, мамандықтың дайындалатын біліктіліктеріне сәйкес практика базаларымен толық қамтылған.

Студенттер үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру, шеберханалар мен зертханаларды заманауи жабдықтармен жарақтандыруға жәрдемдесу, білім беру бағдарламаларын өзектендіру және кәсіпорындар базасында өндірістік оқыту шеберлерімен оқытушылардың тағылымдамасын ұйымдастыру мақсатында колледжді шефтік қамқорлыққа өңіріміздің төрт мекемесі алды. Атап айтсақ «Atyrau Auto Company» ЖШС, «ATYRAU-AVTOPARK» ЖШС. «БатысАльянсСтрой»ЖШС, «Колизей» мекемелері.

Колледждің басты мақсаттарының бірі дуалды оқыту жүйесін басты назарда ұстану. Қазіргі таңда колледж қабырғасында оқитын студенттер дуалды оқыту бағдарламасы аясында 50 -ден астам мекемемен үш жақты келісім шартқа отырған.

Дуальды оқыту бойынша кәсіпорындардың базалары туралы ақпарат:

Мамандық	Біліктілік	Кәсіпорындар
«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайланау»	**«Автокөлікті жөндеу слесары»**	«Айкоркем»ЖК, «Макаттезсервис»ЖШС, ТОО K.S.M.«Kazstroymontazh», «Маргарита Шадиманова»СТО ЖК, «Тулпар»ЖК СТО «Атыраупорфкомплекс»ЖШС
	«Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик»	«КазКомСервис»ЖШС, «12 Вольт» ЖК, «Абдуллаев»ЖК, «West Auto Park»ЖШС, «Atyrau AvtoPark»ЖШС, КИА Мотрс, «Камбарбек А.Ш.»ЖК, «Вираж Сервис Казахстан»ЖШС
	«Техник-механик»	«Pangerei Motors»ЖК, , «Шубаков Б.»ЖК СТО, «Бекжан»ЖК СТО «SCT Service CenterАтырау» ЖШС, «Auto Starter Parts»ЖК, «Amir motors»ЖК
	«Техник – электромеханик»	«Куспан»ЖК, «Азим Моторс»ЖК, «Айжұлдыз»ЖК, «Рогалиев Н.Б.»СТО ЖК, «Боранова К.Б»ЖК СТО, «Қазбаев.О.»ЖК СТО,Айжұлдыз» ЖК СТО,«JANAY GROUP»ЖШС
«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану»	**«Жол құрылыс машиналарының машинисі»**	«Caspian Drilling LLP»ЖШС, «Теміржол Құрылыс-Атырау»ЖШС, «KazPromStroy»ЖШС,«Атырау СуШар»РМК Индер, «Атырау Жолдары»ЖШС, «Tengiz Industrial» ЖШС, «БекетСәтЖол»ЖШС

«Дәнекерлеу ісі»	**«Электргазымен дәнекерлеуші»**	«Стройметалл»ЖШС, «Кульчиев Сырым,«Егеменді Құрылыс»ЖШС, «РВДАтырау»ЖК,«Инверст Холдинг2030»ЖШС, «Janay Group»ЖШС, «Atyrau Power Constuction-2000»ЖШС, Акжайык 7»ЖШС, «Caspian ContractorsTrust Atyrau»ЖШС
	«Техник – механик» (дәнекерлеу ісі)	«БатысАльянсСтрой»ЖШС, «Кульчиев Сырым Абуталипович»ЖК, «Медет» ДК «Жылыой Болашақ» ЖШС, «Атырау Жарық» АҚ, «Халықаралық Инвестициалық Құрылыс Компаниясы»ЖШС, «Ару»ЖК

Колледж түлектерінің жұмысқа орналасуына тоқталсақ 2020-2021 оқу жылында 187 студент бітірген. Оның ішінде 11-і колледж және жоғары оқу орнындарында оқуларын жалғастыруда. 10- ы әскер қатарында. 120 бітіруші түлек өз мандығымен, басқа салада және жалдамалы жұмыстарға орналасқан. 2021-2022 оқу жылындағы бітірген түлектерге тоқталсақ 120 студент тәлім алды. 11-і колледж және жоғары оқу орнындарында оқуларын жалғастыруда. 23-і әскер қатарында. 72-і өз мандығымен, басқа салада және жалдамалы жұмыстарға орналасқан. Бұл ақпараттарды «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпарациясы» КЕ АҚ Атырау облысы бойынша филиалынан, Атырау облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінен және жеке өздеріне телефон арқылы байланысып, анықтамаларын алдыру арқылы алынған мәліметтер бойынша жазылды.

4. Оқу – әдістемелік жұмыс

Колледжде 2020-2021, 2021-2022 жылдарында барлық мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) мен жұмыс оқу бағдарламалары (ЖОБ) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабына сәйкес әзірленген «Педагог» кәсіптік стандартқа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384, 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жұмыс берушілердің және әлеуметтік серіктестердің ұсыныстарын ескере отырып әзірленген, педагогикалық кеңестің №1 отырысында қаралып, колледж директорымен бекітілген. Ал, 2022-2023 оқу жылында ЖОЖ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының»(бұдан әрі - №348 МЖМБС) 10-тармағына сәйкес 1- қосымшасындағы ТжКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленді.

Сонымен қатар, «2021-2022 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің хаты, «2022-2023 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар» ҚР Оқу-ағарту бірінші вице-министрінің хаты басшылыққа алынған.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары, оның ішінде жұмыс оқу жоспарлары және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып,оқу жұмыс бағдарламалары №130 бұйрығына сәйкес әзірленген, ПЦК және ОӘК отырысында талқыланып, педагогикалық кеңесте қаралып, колледж директорымен бекітілген.

Міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар санын сақтай отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларын іске асырады.

Қажет болған жағдайда оқу процесінің кестесіне, оқу бағдарламаларының мазмұнын оқытудың икемді ұйымдастыру нысанын құру қажеттілігінен туындаған түзетулер енгізіледі, міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша пәндер енгізеді, әр түрлі оқыту технологияларын (модульдік, кредиттік) оқу процесін ұйымдастыру және бақылау формаларын, әдістерін таңдайды.

Жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқыту:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (бұдан әрі - №348 МЖМБС) 4-тармағына сәйкес колледждегі оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуде «Talap» КЕАҚ сайтында орналастырылған «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», «ТжКОББ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, өзектендірілген ҮОЖ негізінде жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» пайдаланылды. «Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша сағаттардың жалпы саны 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып

айқындалды. Қоғамдық гуманитарлық бағыт бойынша тереңдетілген деңгейге биология, химия пәндері, ал стандарттық деңгейге физика, графика және жобалау пәндері таңдалды. Жаратылыстану-математикалық бойынша тереңдетілген деңгейге физика, химия пәндері, ал стандарттық деңгейге биология, география пәндері таңдалды.

Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге: "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті", "Орыс тілі және әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі және әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Шетел тілі", "Математика", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Дене тәрбиесі", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" жатады.

2022 – 2023 оқу жылына ҚР «Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тасталуына байланысты МЖМБС-дан «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген 48 сағат көлемі осы модульдің информатика пәніне бөлінді.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары №595 Үлгілік қағидаларының 8-2 тармағына, ал 2022-2023 оқу жылы №385 Үлгілік қағидаларының 13 тармағына сәйкес негізгі орта білім базасындағы топтарды информатика, орыс тілі мен әдебиеті, дене тәрбиесі, шетел тілі пәндері, ал жалпы орта білім базасында дене тәрбиесі және (немесе) модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда (зертханаларда) өндірістік оқыту бойынша сабақтар өткізіледі. Жыл сайын №1 педагогикалық кеңестіңшешімі негізінде оқу топтары саны 15 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

ТжКОБкБ ұйымдары жұмыс берушілердің қатысуымен МЖМБС, кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills кәсіптік стандарттары (бар болса) талаптарының негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы

Колледжде 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бірінші курстар үшін академиялық дербестікті енгізу №604, №348 МЖМББС-на сәйкес жүзеге асырылды. Білім беру бағдарламаларын WorldSkills кәсіптік стандарттар талаптарының негізінде және жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленді. Білім беру бағдарламасында: паспорт, оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары қарастырылған. Колледждің білім беру бағдарламалар «Talap» КЕАҚ сайтында белгілінген тәртіппен тіркелген.

МЖМБС 1, 2-қосымшаларына сәйкес ТжКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы;

2022-2023 оқу жылында ЖОЖ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының»(бұдан әрі - №348 МЖМБС) 10-тармағына сәйкес 1-қосымшасындағы ТжКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленді.

Колледжде 2021-2022 оқу жылынан бастап кредиттік-модульдік жүйесі (модульдік және кредиттік оқыту технологиясының бірлігіне негізделген оқу процесін ұйымдастыру моделі) бойынша оқу процесі жүргізіледі.

Осыған байланысты, оқыту базалық және кәсіптік модульдері бойынша іске асырылады.

Базалық құзыреттер салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіруге, қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтенуге және бейімделуге, патриотизм мен ұлттық сана-сезімді дамытуға, кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеруге, кәсіби қызметте

ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған.

Колледждегі білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде мынадай базалық модульдер оқытылады:

1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;

2)ақпараттық коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;

3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;

4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

«Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулі орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламаларында көзделген.

Кәсіптік модульдер экологиялық және/немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, біліктілік бойынша еңбек функциялары мен кәсіби міндеттердің мазмұнына сәйкес барлық мамндықтар бойынша оқу бағдарламаларына енгізілді.

Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жеке оқу жоспарын және арнайы оқу бағдарламасын (бар болған жағдайда) іске асыру - колледжде іске асырылмаған.

Жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып, міндетті жалпы білім беретін пәндердің, сондай-ақ тереңдетілген және стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлемінің сәйкестігі.

Мамандық бейініне байланысты ЖОЖ-да міндетті жалпы білім беретін пәндердің оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің екі пәні қарастырылған.

Жаратылыстану-математикалық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Физика", "Химия" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндерге "Биология", "География" жатады.

Базалық құзыреттерді қалыптастыру үшін колледжде жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді (3-4 курстар бойынша) және базалық модульдер бойынша оқыту жүргізіледі (2 курстар).

Базалық құзыреттер салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіруге, қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтенуге және бейімделуге, патриотизм мен ұлттық сана-сезімді дамытуға, кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеруге, кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде мынадай базалық модульдер оқытылады:

1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;

2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;

3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;

4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

МЖМБС-тің 16-тармағына сәйкес барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жопарларында білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспайды. Теориялық оқытудың оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен

консультацияларды қоспағанда). Міндетті білім бойынша оқу уақытының көлемі бір оқу жылында 60 кредит/1440 сағатты құрайды. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

МЖМБС-тің 18-тармағына сәкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 1440 сағатты құрайды.

Білім алушылардың оқу жүктемесі оқу кестесінің максимальды көлеміне сәйкес келеді. Оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағатты құрайды. Бекітілген оқу жұмыс жоспарларында күндізгі оқу нысаны кезінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімі сақталған.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны:

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредиттен. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- жалпы орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 120-180 кредиттен бөлінді.

Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемі оқу жылына 60 кредит/1440 сағатты құрайды. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Әдістемелік жұмыс – инженер-педагогтардың кәсіптік құзіретін арттыру және білім беру процесінің инновациялық проблемаларын шешу арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін білім беру ұйымдары басшыларының, инженер-педагогтардың және құрылымдық бөлімшелердің бірлескен қызметінің көп деңгейлі, көп функциялы жүйесі.

Әдістемелік жұмыс - ғылым мен педагогикалық озат тәжірбие жетістіктерін және оқу - тәрбие жұмысының нақты жағдайына сүйене

жүргізілген, өзара байланысты іс – әрекеттер мен шаралар жүйесі, ол әрбір оқытушының біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан - жақты арттыруға бағытталған шаралар, инженер-педагог ұжымының білім сапасын дамыту және арттыру және оқу - тәрбие жұмысын жетілдіру, студенттің білім, тәрбие алу және даму деңгейін көтеру.

Оқу – әдістемелік жұмысының негізгі мақсаты: білім беру қызметтерінің сапасын тұрақты өсімін қамтамасыз ету; озық жүйелерді, технологияларды, оқыту әдістерін және әкімшілік қызметкерлері мен оқыту құрамының біліктілігін арттыру арқылы заманауи деңгейдегі білім беру процесін ұйымдастыру.

Әдістемелік процесс осы үдеріске әдістемелік саясат және Миссия түрінде нақтыланған колледждің мәлімделген миссиясына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу-әдістемелік жұмыстың тапсырмаларына білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру процесінің қолданыстағы және жаңа технологияларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелер кешенін, оқу-әдістемелік құралдарды, сонымен қатар электрондық құралдарды және дидактикалық материалдарды әзірлеу және жаңғырту, оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды және оқыту жүйесінің автоматты бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін, ақпараттық-кітапханалық жүйесін енгізу, инженер-педагогтың шығармашылық ой-өрісін дамыту, инженер-педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету, инженер-педагог ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жатады.

Осыған сәйкес қазіргі таңда Атырау көлік және коммуникация колледжінде оқу-әдістемелік жұмыстар оқу-әдістемелік бірлестікке бөлініп жұмыс атқарады.

Колледждің әдістемелік жұмысының миссиясы инженер - педагогтар ұжымының шығармашылық әлеуетін дамыту, өндіріспен байланысын нығайту және кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасау болып табылады.

Әдістемелік жұмыс саясаты

1.Колледждің ИПҚ кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық бастамаларын дамытуға ықпал ететін оқу-әдістемелік, ақпараттық және мотивациялық ортаны құру.

2.Колледждің оқу-әдістемелік, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарын жүргізу.

3. Техникалық оқыту құралдары білім беру бағдарламаларының талаптарына және білім берудің МЖББ стандартына, мамандарды кәсіптік даярлаудың сапасын және сәйкестігін қамтамасыз ету.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны келесі аспектілерді қамтиды:

1) жоспарлы - талдамалық:

- әдістемелік қызметті жоспарлау және нәтижелерін талдау, оны жетілдіру бағыттарын анықтау;

2) ұжымдық:

- педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің, бірлестіктердің отырыстарының жұмысына қатысу және дайындау;

3) кадрлармен жұмыс:

- ИПҚ біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлауды ұйымдастыру;

- озат педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату;

- инженер-педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту: семинарлар, конкурстар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу; кеңес беру; өзара сабақтарға қатысу;

- жас маман мектебін ұйымдастыру, педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтарын өткізу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу және оқудан тыс іс-шаралар өткізу;

4)студенттермен топтан тыс жұмыс: жобалау қызметін ұйымдастыру, шығармашылық жұмыстар, кәсіби шеберлік конкурстар, олимпиадалар және т.б.

5) инновациялық қызмет: колледждің ИПҚ инновациялық қызмет тәжірибесіне тарту; оқу-тәрбие процестерін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі үлгілерін дайындау және жүргізу мен ИПҚ практикалық көмек көрсету, үздік, жаңашыл тәжірибемен танысу және оларды, инновацияның прогрессивті ойларымен және функцияларымен шығармашылық пайдалану.

6) әдістемелік үдерістің мониторингі: ӘК ішкі құрылымының қызметін жинау, талдау және бағалау.

Оқу-әдістемелік бірлестіктер (ОӘБ). Оның құрамына мамандықтар бойынша ОӘБ жетекшілері, тнженер-педагог қызметкерлер (ИПҚ) кіреді.

ОӘБ қызметінің мазмұнына кіреді:

1. Оқу пәндері бойынша ОЖЖ мен жаңа оқу бағдарламалардың зерделеуін ұйымдастыру және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстар беру, әдістемелік құралдарды, пәндердің жекелеген тақырыптары мен бөлімдерін зерделеу, тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша ұсыныстарды әзірлеу, еңбек нарығының талаптарын ескере отырып оқу бағдарламаларына және стандарттарға өзгерту енгізу туралы ұсыныстар енгізу.

2. Оқыту технологиясын қамтамасыз ету, оқытудың құралдары мен әдістерін таңдау, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу, оқыту сапасын, оқу жетістігінің деңгейін, білім алушының оқу-тәрбиесін сараптамалау.

3. Инженер-педагогтердің әдістемелік және кәсіби шеберлігін жетілдіру, олардың кәсіби білімін толықтыру, жаңа бастаған оқытушыларға көмек көрсету, ОӘБ құрамына кіретін инженер-педагогтерді аттестаттау бойынша ұсыныстар енгізу.

4. Білім беру үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды, оқыту мен тәрбиелеудің құралдары мен әдістерін зерделеу, қорыту және енгізу, ашық сабақтарды дайындау, өткізу және талқылау, мамандықтар мен кәсіптер бойынша кәсіптік шебершілік конкурстарын, тақырыптық және ғылыми-тәжірибелік семинарлар, конференциялар және ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу.

5. Студенттердің шығармашылық жұмысына басшылық ету, студенттердің ағымдық үлгеріміне, оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыруға әсер етуді талдау.

6.Оқу бағдарламаларын, оқу және әдістемелік құралдарды, бейнефильмдерді және басқа да оқу құралдарын қарау, оқулықтарды, оқу-әдістемелер кешенін, оқу-әдістемелік құралдарды, сонымен қатар электрондық құралдарды және дидактикалық материалдарды әзірлеу және енгізу.

7. Оқытушылардың жұмыс жоспарларын, ашық сабақтарды өткізу жоспарларын, ОӘБ құзыретіне жататын басқа да материалдарды қарау және талқылау, нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдамаларын, оқу-бағдарламалық құжаттарды жетілдіру үшін ұсыныстар енгізу, жаңа оқу бағдарламалардың зерделеуін ұйымдастыру және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстар беру.

«Жас мамандар мектебінің» жылдық жұмыс жоспары жасақталған. ЖММ жоспарында теориялық және практикалық сабақтар, мамандықтар мен кәсіптер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын, семинарлар, конференциялар, баяндамалар, пікірталастар ұйымдастыру және өткізу қарастырылған. «Жас мамандар мектебінің» отырысы екі айда бір рет өткізіледі. Тәжірибелі педагогтар қатарынан жас мамандарға тәлімгерлер бекітіледі, олар кеңес береді, оқу-тәрбие процестерін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі үлгілерін дайындау және жүргізуді ұйымдастыруға жас мамандарға практикалық көмек көрсетеді, жаңа бастаған мамандардың сабақтарына қатысады.

ЖММ-де келесі міндеттер жүзеге асырылады:

- колледжде жас мамандарды бейімдеу;

- жас мамандардың біліктілігін арттыруға және кәсіби өсуіне ықпал ету;

- теориялық білім мен кәсіби - педагогикалық құзыреттілікті жетілдіру мәселелерінде жас мамандарға практикалық көмек көрсету;

